

Микрокредит беру туралы қосылу шарты

Осы микрокредит беру туралы шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында белгіленген тәртіппен жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары осы стандартты нысанда айқындалған және «МҚҰ «TAS FINANCE GROUP» (ТАС ФИНАНС ГРУПП) ЖШС (бұдан әрі – «Қарыз беруші») мен қарыз алушы – жеке және/немесе заңды тұлға (бұдан әрі – «Қарыз алушы») немесе микрокредит беру туралы шартқа тең қарыз алушы қатысқан жағдайда бірнеше қарыз алушы - жеке және/немесе заңды тұлғалар (бұдан әрі – «Тең қарыз алушы») арасындағы қатынастарды реттейді.

Қарыз алушыға қатысты шарттар Тең қарыз алушыға да қолданылады.

Қарыз алушы мен Тең қарыз алушы бірге алғанда бұдан әрі мәтін бойынша Қарыз алушы деп аталады.

Қарыз беруші мен Қарыз алушы бұдан әрі бірлесіп «тараптар» деп, немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

Осы микрокредит беру туралы шарт Қарыз алушының микрокредит беру туралы шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – Өтініш) қол қоюы арқылы жасалады.

Қарыз беруші Қарыз алушыға микрокредитті Кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісім (бұдан әрі – Кредиттік желі туралы келісім) жасасу арқылы микрокредит берген кезде, осы микрокредит беру туралы шарты, Қарыз алушының Кредиттік желі туралы келісіміне қол қою арқылы және Кредиттік желі туралы келісімнің шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шартқа қол қоюы арқылы жасалады.

Осы микрокредит беру туралы шарты, Өтініш, Кредиттік желі туралы келісім және Кредиттік желі туралы келісімнің шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шарты бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады, олар бірге жалпы алғанда Қарыз алушы тұтастай қабылдаған бірыңғай микрокредит беру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) құрайды.

Договор присоединения о предоставлении микрокредита

Настоящий договор о предоставлении микрокредита является договором присоединения, заключаемым в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого определены данной стандартной формой и регулирует отношения между ОО «МФО «TAS FINANCE GROUP» (ТАС ФИНАНС ГРУПП) (далее – «Займодаделец») и физическим и/или юридическим лицом (далее – «Заемщик»), или несколькими заемщиками – физическими и/или юридическими лицами в случае участия в договоре о предоставлении микрокредита созаемщика (далее – «Созаемщик»).

Условия, касающиеся Заемщика, применяются равно и к Созаемщику.

Заемщик и Созаемщик, вместе взятые, далее по тексту именуются Заемщиком.

Займодаделец и Заемщик далее совместно именуются «Сторонами» либо как указано выше.

Настоящий договор о предоставлении микрокредита заключается путем подписания Заемщиком заявления о присоединении к договору о предоставлении микрокредита (далее – «Заявление»).

При предоставлении Займодателем Заемщику микрокредита посредством заключения соглашения о предоставлении (открытии) кредитной линии (далее – Соглашение о кредитной линии) настоящий договор о предоставлении микрокредита заключается путем подписания Заемщиком Соглашения о кредитной линии и подписанием Договора о предоставлении микрокредита заключаемого в рамках Соглашения о кредитной линии.

Настоящий договор о предоставлении микрокредита, Заявление, Соглашение о кредитной линии и Договор о предоставлении микрокредита заключаемый в рамках Соглашения о кредитной линии являются неотъемлемыми частями друг друга, в совокупности составляют единый договор о предоставлении микрокредита (далее - «Договор»), принимаемый Заемщиком в целом.

Қарыз берушінің кез келген құжаттары мен шарттарында, сондай-ақ Кредиттік желі туралы келісімде қолданылатын «шарт» және/немесе «микрокредит беру туралы шарт» ұғымдары Өтініш пен Шарттың мазмұнына тең дәрежеде қатысты болады.

1. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

1.1. Шарт жасалған күн Өтініште, Кредиттік желі туралы келісімде және Кредиттік желі туралы келісімнің шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шартта көрсетіледі.

1.2. Қарыз беруші заңға қайшы келмейтін тәртіпте, Өтініште айқындалған сомада және мерзімге ақылық, мерзімділік, қайтарымдылық, мақсатты пайдаланылуы (бар болса), қамтамасыз етілуі шарттарымен Қарыз алушыға микрокредитті (бұдан әрі – Микрокредит) береді. Микрокредитті мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қарыз беруші Қарыз алушыдан ақпарат алу жолымен жүзеге асырады.

Қарыз беруші Қарыз алушыға микрокредитті Кредиттік желі туралы келісім жасасу арқылы берген кезде, кредиттік желінің жалпы сомасы мен жалпы мерзімі Кредиттік желі туралы келісімде айқындалады.

Кредиттік желі туралы келісімнің шеңберінде берілетін Микрокредиттің сомасы мен мерзімі, Кредиттік желі туралы келісімнің шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шартында, бірақ Кредиттік желі туралы келісімде белгіленген жалпы сома мен жалпы мерзім шегінде айқындалады.

Қарыз алушыға берілетін кредит желісі жаңартылатын болып табылады.

1.3. Микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредиттің толық құны Өтінішпен, Кредиттік желі туралы келісім шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шартымен айқындалады. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, микрокредит бойынша артық төлем сомасы Шарттың, Өтініштің, Кредиттік желі туралы келісімнің талаптарына сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбына (айыппұлға, өсімпұлға) байланысты ұлғайтылуы мүмкін.

1.4. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен көрсетілген мөлшері, сондай-ақ сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептеледі және Өтінішпен, Кредиттік желі туралы келісім шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шартымен айқындалады.

Понятия «договор» и/или «договор о предоставлении микрокредита», применяемые в любых документах и договорах Заемодателя, а также в соглашении о кредитной линии относятся в равной степени к содержанию Заявления и Договора.

1. ОБЩИЕ УСЛОВИЯ ДОГОВОРА

1.1. Дата заключения Договора указывается в Заявлении, Соглашении о кредитной линии и в Договоре о предоставлении микрокредита, заключаемого в рамках Соглашения о кредитной линии.

1.2. Заемодатель предоставляет Заемщику микрокредит (далее – «Микрокредит») способом, не противоречащим законодательству, в сумме и на срок, определенные в Заявлении, на условиях его срочности, целевого использования (при наличии), платности, возвратности и обеспеченности. Порядок осуществления контроля за его целевым использованием осуществляется Заемодателем путем получения информации от Заемщика.

При предоставлении Заемодателем Заемщику микрокредита посредством заключения Соглашения о кредитной линии, общая сумма и общий срок кредитной линии определяется Соглашением о кредитной линии.

Сумма и срок Микрокредита, предоставляемого в рамках Соглашения о кредитной линии, определяется Договором о предоставлении микрокредита, заключаемого в рамках Соглашения о кредитной линии, но в пределах общей суммы и общего срока, определенного Соглашением о кредитной линии.

Предоставляемая Заемщику кредитная линия является возобновляемой.

1.3. Сумма переплаты по микрокредиту, полная стоимость микрокредита определяются Заявлением, Договором о предоставлении микрокредита, заключаемого в рамках Соглашения о кредитной линии. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств по Договору сумма переплаты по микрокредиту может быть увеличена из-за начисленной неустойки (штрафа, пени) в соответствии с условиями Договора, Заявления, Соглашения о кредитной линии.

1.4. Размер ставки вознаграждения в процентах годовых за пользование микрокредитом, а также размер годовой эффективной ставки вознаграждения рассчитываются в соответствии с требованиями уполномоченного органа и определяются Заявлением, Договором о предоставлении микрокредита, заключаемого в рамках Соглашения о кредитной линии.

1.5. Қарыз беруші Қарыз алушыға микрокредит сомасын Қарыз берушінің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен не қолма-қол ақшасыз тәсілмен Қарыз алушының банктік шотына ақша аудару жолымен береді.

1.6. Микрокредитті өтеу тәсілі: біржолғы немесе бөліп төлеу, микрокредит бойынша төлемдерді Қарыз алушы өтеу кестесіне сәйкес қолма-қол ақшамен – касса немесе қашықтағы терминалдар арқылы, және/немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен – Қарыз берушінің банк шотына ақша аудару жолымен төлейді.

1.7. Микрокредитті өтеу әдісі Өтінішпен, Кредиттік желі туралы келісім шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шартымен айқындалады. Бұл ретте, оған қол қойылған сәтке дейін Қарыз беруші Қарыз алушыға оның төлем қабілеттілігін ескере отырып, микрокредитті өтеу әдісімен танысу және оны таңдау үшін түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады:

- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.

Сондай-ақ, Қарыз беруші Қарыз алушыға микрокредит беру қағидаларына сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестесінің қосымша жобаларын ұсына алады.

1.8. Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол бойынша Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша берешек;
- 3) Шартта/Өтініште айқындалған мөлшердегі тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;
- 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;

1.5. Заемодатель выдает сумму микрокредита Заемщику наличными через кассу Заемодателя либо безналичным способом – путем перевода денег на банковский счет Заемщика.

1.6. Способ погашения микрокредита: единовременно либо частями, уплата платежей по микрокредиту производится Заемщиком, согласно графику погашения, наличными деньгами – через кассу либо посредством удаленных терминалов, и/или при безналичном способе – путем перевода денег на банковский счет Заемодателя.

1.7. Метод погашения микрокредита определяются Заявлением, Договором о предоставлении микрокредита заключаемого в рамках Соглашения о кредитной линии. При этом, до момента его подписания, Заемодателем Заемщику для ознакомления и выбора метода погашения микрокредита с учетом его платежеспособности предоставляются проекты графиков погашения микрокредита, рассчитанных различными методами:

- методом дифференцированных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими равные суммы платежей по основному долгу и начисленное за период на остаток основного долга вознаграждение;

- методом аннуитетных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока микрокредита, включающими увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга. Размеры первого и последнего платежей могут отличаться от других.

Также Заемодателем Заемщику могут быть предложены дополнительные проекты графиков погашения микрокредита, рассчитанных в соответствии с его правилами предоставления микрокредитов.

1.8. Сумма произведенного Заемщиком платежа по Договору, в случае если она недостаточна для исполнения обязательств Заемщика по Договору, погашает задолженность Заемщика в следующей очередности:

- 1) задолженность по основному долгу;
- 2) задолженность по вознаграждению;
- 3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном Договором/Заявлением;
- 4) сумма основного долга за текущий период платежей;
- 5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;

6) Қарыз берушінің орындауды алу бойынша шығындары.

1.9. Қарыз алушы Өтеу кестесіне сәйкес негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомасын қайтару жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, Қарыз алушы Қарыз берушінің талабы бойынша, Қарыз берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0.5% (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ Шарт қолданылатын әрбір жылға берілген микрокредит сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.

1.10. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, Қарыз алушыға және/немесе Кепіл берушіге тиесілі жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлік кепілі, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың кепілдігі болып табылады.

1.11. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қарыз беруші мынадай шаралар қолдануы мүмкін:

- Шартта/Өтініште қарастырылған мөлшердегі тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету;
- Шартта қарастырылған жағдайларда микрокредит беруден бас тарту, уақытша тоқтату;
- Шартта қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде Шарт бойынша барлық міндеттемелердің мерзімінен бұрын орындалуын талап ету;
- үшінші тұлғалардың міндеттемелерді орындауын талап ету;
- үшінші тұлғалар жүзеге асыратын өндіріп алуға қосылу;
- берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге;
- өз қалауы бойынша Қарыз алушының келісімін алмай, құқықтарды басқаға беру шартын (цессияны) жасасу арқылы өзінің талап ету құқықтарын үшінші тұлғаға беруге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қосылу шартында көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде сотқа Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінуге, сондай-ақ кепілге қойылған мүлікке соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға;
- сотқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы – жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы талап қоюмен жүгінуге;
- Кепіл мәнін Кепілзат түріне (өзінің иелігіне) ауыстыруға, осыған байланысты Кепіл беруші өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін береді;

6) издержки Заемодателя по получению исполнения.

1.9. При нарушении обязательств Заемщиком по возврату суммы основного долга и (или) вознаграждения согласно Графику погашения, Заемщик выплачивает Заемодателю по его требованию неустойку в размере 0.5% (ноль целых, пять десятых процентов) от суммы просроченного платежа за каждый день просрочки, но не более десяти процентов от суммы выданного микрокредита за каждый год действия Договора.

1.10. Обеспечением исполнения обязательств Заемщика по Договору является залог движимого и/или недвижимого имущества, принадлежащее на праве собственности Заемщику и/или Залогодателю, а также гарантия физических и (или) юридических лиц.

1.11. При неисполнении либо ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по Договору Заемодатель вправе применить следующие меры:

- потребовать уплаты неустойки в размере, предусмотренном в Договоре/ Заявлении;
- отказать в выдаче микрокредита, приостановить выдачу в случаях, предусмотренных Договором;
- потребовать досрочного исполнения всех обязательств по Договору, в порядке и сроки, предусмотренные Договором;
- требовать исполнения обязательств третьими лицами;
- присоединиться ко взысканию, осуществляемому третьими лицами;
- передать задолженность на досудебные взыскание и урегулирование коллекторскому агентству;
- по своему усмотрению, уступить третьему лицу свои права требования путем заключения договора уступки прав (цессии), без получения согласия Заемщика;
- применить меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и (или) Договором, в том числе обратиться с иском в суд о взыскании суммы долга по Договору, а также обратиться с иском о взыскании на заложенное имущество во внесудебном либо в судебном порядке;
- обратиться с иском в суд о признании заемщика - индивидуального предпринимателя, юридического лица банкротом в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
- перевести Предмет залога в заклад (в свое владение), на что Залогодатель дает свое безусловное и безотзывное согласие;

- Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа тәсілдермен талап ету.

- требовать исполнения обязательств по Договору иными способами, не запрещенными законодательством Республики Казахстан.

1.12. Микрокредит Қарыз алушы алған сәттен бастап берілген болып саналады.

1.12. Микрокредит считается предоставленным с момента получения Заемщиком.

1.13. Қарыз берушіге Қарыз алушы туралы, жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, Қарыз алушы мен Қарыз берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына, кредиттік бюролардан кредиттік есептерді беруге байланысты ақпаратты, сондай-ақ кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамаға сәйкес ұсынылуы қажет болуы мүмкін өзге де мәліметтерді кредиттік бюролардың дерекқорына беруге Қарыз алушының жазбаша келісімі берілді.

1.13. Заемодателю предоставлено письменное согласие Заемщика на предоставление Заемодателем в базу данных кредитных бюро сведений о Заемщике, о заключаемой сделке, информации, связанной с исполнением Заемщиком и Заемодателя своих обязательств по Договору, выдачу кредитных отчетов из кредитных бюро, а также иных сведений, предоставление которых может потребоваться в соответствии с законодательством о кредитных бюро и формировании кредитных историй.

1.14. Қарыз беруші Қарыз алушының келісімінсіз Шарт бойынша талаптар мен міндеттердің барлығын немесе бір бөлігін үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

1.14. Заемодатель вправе уступать все или часть прав требований и обязанностей по Договору третьим лицам без согласия Заемщика.

1.15. Қарыз алушы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін Қарыз берушінің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

1.15. Заемщик не имеет права передавать свои права и обязанности по Договору третьим лицам без письменного согласия Заемодателя.

1.16. Шарт бойынша Тараптың құқықтық мирасқоры Шартта мазмұндалған талап ету құқығы мен міндеттемелерді, оның ішінде болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты талап ету құқығы мен міндеттемелерді тікелей өзіне қабылдайды.

1.16. Правопреемник Стороны по Договору непосредственно принимает на себя права требований и обязанности, изложенные в Договоре, в том числе, и права требования и обязанности, связанные с урегулированием возможных споров и разногласий.

1.17. Қарыз алушы мерзімі өткен берешегі пайда болған жағдайда, Қарыз беруші Шарт бойынша берешекті өндіріп алу құқығын тұрғын үймен қамтамасыз етілген берешектерді қоспағанда, үшінші тұлғаларға беруге құқылы екенін растайды.

1.17. Заемщик подтверждает, что в случае возникновения просроченной задолженности, Заемодатель вправе передать право взыскания задолженности по Договору третьим лицам, за исключением задолженностей, обеспеченных жилищем.

1.18. Қарыз алушы мерзімі өткен берешекті өндіріп алу құқығын үшінші тұлғаларға беру, Қарыз беруші тарапынан қандай да бір құпияны, ақпаратты ашу болып табылмайтындығына келісімін береді.

1.18. Заемщик даёт согласие, что передача права взыскания просроченной задолженности третьим лицам не является раскрытием какой-либо тайны, информации со стороны Заемодателя.

1.19. Осы Шарт Тараптар Өтінішке, Кредиттік желі туралы келісіміне, Кредиттік желі туралы келісім шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шартына қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы Өтініште, Кредиттік желі туралы келісімде, Кредиттік желі туралы келісім шеңберінде жасалатын Микрокредит беру туралы шартында көзделген, Қарыз беруші алдындағы барлық міндеттемелерді толық және тиісінше орындағаннан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.

1.20. Қарыз берушінің пошталық және электрондық мекенжайы, сондай-ақ Қарыз берушінің ресми интернет-ресурсы туралы деректер: Қазақстан, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылдық округі, Ақсуат ауылы, Абылайхан көшесі, ғимарат 14/1, пошталық индексі 180600, info@tascredit.kz, www.tascredit.kz.

1.21. Қарыз беруші Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында Қарыз берушінің Қарыз алушымен шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Қарыз алушының құқықтары:

2.1.1. Микрокредиттер беру қағидаларымен, Қарыз берушінің микрокредиттерді беру жөніндегі тарифтерімен танысу.

2.1.2. алынған микрокредитке Шартта, Өтініште және Кредиттік желі туралы келісімінде белгіленген тәртіппен және шарттарда билік ету.

2.1.3. негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуге.

2.1.4. осы Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын, Қарыз берушіге мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеу кезінде төлемнің ең аз сомасы микрокредитті өтеу кестесінде көзделген кемінде 2 (екі) ай сайынғы төлемдерді құрайды (егер микрокредит 2 (екі) айдан астам мерзімге берілсе).

1.19. Настоящий Договор вступает в силу с даты подписания сторонами Заявления, Соглашения о кредитной линии, Договора о предоставлении микрокредита, заключаемого в рамках Соглашения о кредитной линии и прекращает свое действие после полного и надлежащего исполнения Заемщиком всех обязательств перед Заимодателем, предусмотренных Заявлением, Соглашением о кредитной линии, Договором о предоставлении микрокредита, заключаемого в рамках Соглашения о кредитной линии.

1.20. Почтовый и электронный адрес Заимодателя, а также данные об официальном интернет-ресурсе Заимодателя: почтовый индекс 180600, Казахстан, область Абай, район Ақсуат, Ақсуатский сельский округ, село Ақсуат, улица Абылайхана, здание 14/1, info@tascredit.kz, www.tascredit.kz.

1.21. При уступке Заимодателем права (требования) по Договору третьему лицу, требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям Заимодателя с Заемщиком в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование).

2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

2.1. Заемщик вправе:

2.1.1. ознакомиться с правилами предоставления микрокредитов, тарифами Заимодателя по предоставлению микрокредитов.

2.1.2. распоряжаться полученным микрокредитом в порядке и на условиях, установленных Договором, Заявлением, Соглашением о кредитной линии.

2.1.3. в случае, если дата погашения основного долга и/или вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и/или вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки (штрафа, пени).

2.1.4. досрочно полностью или частично возратить Заимодателю сумму Микрокредита, предоставленную по настоящему Договору.

Минимальная сумма платежа при досрочном частичном погашении Микрокредита составляет не менее 2 (двух) ежемесячных платежей, предусмотренных графиком погашения микрокредита (если микрокредит предоставлен на срок более 2 (двух) месяцев).

2.1.5. өтініш бойынша айына бір реттен жиі емес үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шарт бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаның негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлға, өсімпұлға) бөлінуі туралы ақпаратты жазбаша нысанда өтеусіз алуға;

2.1.6. шарт бойынша берілген ақшаны Қарыз берушіге мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөле отырып, қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді жазбаша нысанда алуға;

2.1.7. шарт талаптарының қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай өзгергені туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде шартта көзделген тәсілмен Қарыз берушіні хабардар ету арқылы Қарыз беруші ұсынған жақсартатын талаптардан бас тартуға

2.1.8. Шарт бойынша ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алудың туындағаны туралы хабарламаны жіберген күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз берушіге баруға және (немесе) жазбаша нысанда және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы және (немесе) микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері туралы мәліметтерді, кірістер және оның Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішпен жүгінуге құқылы, оның ішінде мыналармен байланысты:

а) шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін не сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертумен;

б) Шарт бойынша ай сайынғы төлемді Шартта белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайтумен;

с) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдырумен;

д) берешекті өтеу әдісін және (немесе) берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертумен;

е) микрокредит мерзімін өзгертумен;

ф) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюмен;

2.1.5. по заявлению получить в срок не более трех рабочих дней безвозмездно не чаще одного раза в месяц информацию в письменной форме о распределении на основной долг, вознаграждение, неустойку (штрафы, пени) поступающих денег в счет погашения задолженности по договору;

2.1.6. по заявлению о частичном или полном досрочном возврате Заемодателю предоставленных по договору денег безвозмездно в срок не более 3 (трех) рабочих дней получить в письменной форме сведения о размере причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, неустойку (штрафы, пени);

2.1.7. в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты получения уведомления об изменении условий договора в сторону их улучшения для заемщика отказаться от предложенных Заемодателем улучшающих условий путем уведомления Заемодателя способом, предусмотренным договором;

2.1.8. в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты направления Заемодателем Заемщику уведомления о возникновении просрочки исполнения денежных обязательств по Договору, посетить Заемодателя и (или) представить в письменной форме, и (или) через объекты информатизации и (или) способом, предусмотренным Договором, заявление, содержащее сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по Договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Договора, в том числе связанных с:

а) изменением в сторону уменьшения ставки вознаграждения либо значения вознаграждения по Договору;

б) уменьшением ежемесячного платежа по Договору не менее чем на пятьдесят процентов от размера, установленного Договором;

с) отсрочкой платежа по основному долгу и (или) вознаграждению;

д) изменением метода погашения задолженности и (или) очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке;

е) изменением срока Микрокредита;

ф) прощением просроченного основного долга и (или) вознаграждения, отменой неустойки (штрафа, пени) по Микрокредиту;

г) тараптардың келісімімен белгіленген мерзімдерде кепіл заты болып табылатын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуімен;

h) Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына Қарыз берушіге кепіл және (немесе) өзге де мүлікті беру арқылы бас тарту төлемін ұсынуға;

і) сатып алушыға Шарт бойынша міндеттемені бере отырып, кепіл заты болып табылатын мүлікті өткізуге.

2.1.9. Осы келісімнің 2.1.8 тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін өтініш Шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот актісі, атқарушы жазба, татуласу келісімі немесе Шарт бойынша берешекті реттеу үшін не Шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін медиация тәртібімен жасалған дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім болмаған, сондай-ақ Шарт бойынша құқықты (талапты) Қарыз беруші үшінші тұлғаға бермеген жағдайда беріледі.

2.1.10. Қарыз берушінің өтінішті қарауы Қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті не оның бір бөлігін біржолғы өтеу талабын белгілемей жүзеге асырылады.

2.1.11. Қарыз алушы Қарыз берушімен келісе отырып Шарт бойынша мерзімі өткен берешекті, не оның бір бөлігін Қарыз беруші өтінішті қарағанға дейін дербес өтеуге құқылы.

2.1.12. Қарыз алушы Қосылу шартының 2.4.13 тармағы с) тармақшасында қарастырылған Қарыз берушінің шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күннің ішінде немесе «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 9-2-бабы 3-3-тармағының екінші бөлігінде көзделген мерзімде Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара тиімді шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, бірмезгілде Қарыз берушіні хабарлай отырып, микроқаржы омбудсманына өтініш жасауға құқылы.

2.1.13. Алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз берушіге жазбаша өтініш жасауға құқылы.

2.1.14. Микроқаржылық қызмет туралы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен және осы шартпен белгіленген өзге құқықтарды жүзеге асыру.

2.2. Қарыз алушы міндетті:

г) самостоятельной реализацией залогодателем имущества, являющегося предметом залога, в сроки, установленные соглашением Сторон;

h) представлением отступного взамен исполнения обязательств по Договору путем передачи Заемодателю залогового и (или) иного имущества;

і) реализацией имущества, являющегося предметом залога, с передачей обязательства по договору покупателю.

2.1.9. По истечении срока, указанного в пункте 2.1.8 настоящего Договора, заявление подается при отсутствии вступившего в законную силу судебного акта, исполнительной надписи о взыскании задолженности по Договору, мирового соглашения или соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации, заключенного для урегулирования задолженности по Договору либо для исполнения судебного акта о взыскании задолженности по Договору, а также в случае, если право (требование) по Договору не было уступлено Заемодателем третьему лицу.

2.1.10. Рассмотрение Заемодателем заявления осуществляется без установления к Заемщику требования единовременного погашения просроченной задолженности по микрокредиту, либо ее части.

2.1.11. Заемщик вправе по согласованию с Заемодателем самостоятельно погасить просроченную задолженность по Договору, либо ее часть до рассмотрения Заемодателем заявления.

2.1.12. Заемщик вправе в течение пятнадцати календарных дней с даты получения решения Заемодателя, предусмотренного подпунктом с) п. 2.4.13 Договора присоединения, или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора в срок, предусмотренный частью второй пункта 3-3 статьи 9-2 Закона «О микрофинансовой деятельности», обратиться к микрофинансовому омбудсмену с одновременным уведомлением Заемодателя.

2.1.13. Письменно обратиться к Заемодателю при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам.

2.1.14. Осуществлять иные права, установленные Законом о микрофинансовой деятельности, иным законодательством Республики Казахстан и настоящим Договором.

2.2. Заемщик обязан:

2.2.1. Алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны осы Шартта, Өтініште және кредиттік желі туралы келісім шеңберінде жасалған микрокредит беру туралы шартында белгіленген мерзімдер мен тәртіппен төлеуге.

2.2.2. Қарыз беруші Микроқаржылық қызмет туралы заңға сәйкес сұрайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға.

2.2.3. Микрокредитті өтеуді Өтеу кестесіне сәйкес жүргізу, сондай-ақ, есептелген жағдайда, Шартта, Өтініште және Кредиттік желі туралы келісімінде көзделген мөлшерлерде өсімпұлдарды төлеуге.

2.2.4. Қарыз берушіні Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға апаруы мүмкін нақты және/немесе ықтималды жағдайлар туралы уақытылы хабарландыруға.

2.2.5. Қарыз алушының Қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ететін кепіл беруші, кепілдік беруші, кепілгер не өзге түрде әрекет ететін үшінші тұлғаларға негізгі міндеттемелерінің сомасы, оны орындау мерзімі, сыйақы мөлшері және Шарттың орындалмау салдары туралы және Қарыз берушінің пайдасына өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған жағдайда Кепіл, кепілдік, кепілгерлік шарттарын орындау туралы хабарлауға; Қажет болған жағдайларда Қарыз алушының Қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын Кепіл, кепілдік, кепілгерлік және/немесе өзге де шарттар жасалғанға дейін, осы тұлғалардың құпия ақпаратты жарияламауы талаптарымен аталған тұлғаларды Шарттың мазмұнымен таныстыруға.

2.2.6. Шарттың қолданылу кезеңінде:

- кепіл нысанасы болып табылатын, өзіне тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға бермеуге, оны Қарыз берушінің жазбаша келісімінсіз Шарттың қолданылу мерзімінен асатын мерзімге жалға бермеуге.

2.2.1. возратить полученный микрокредит и выплатить вознаграждение по нему в сроки и порядке, установленные настоящим Договором, Заявлением, Договором о предоставлении микрокредита, заключаемого в рамках соглашения о кредитной линии.

2.2.2. представлять документы и сведения, запрашиваемые Заимодателем в соответствии с Законом о микрофинансовой деятельности.

2.2.3. Своевременно производить погашение Микрокредита согласно Графику погашения, а также, в случае начисления, погашать неустойку (пени) в размерах, предусмотренных Договором, Заявлением, Соглашением о кредитной линии.

2.2.4. Своевременно уведомлять Заимодателя о реальных либо потенциальных случаях невыполнения своих обязательств по Договору.

2.2.5. Известить третьих лиц, выступающих залогодателем, гарантом, поручителем либо в ином качестве, обеспечивающих тем самым обязательства Заемщика перед Заимодателем, о сумме основного обязательства, сроке его исполнения, размере вознаграждения и о последствиях неисполнения Договора и неисполнения Договора залога, гарантии, поручительства в случае ненадлежащего выполнения своих обязательств перед Заимодателем. В необходимых случаях ознакомить указанных лиц с содержанием Договора до заключения Договора залога, гарантии, поручительства и/или иных договоров, выступающих обеспечением обязательств Заемщика перед Заимодателем, на условиях неразглашения конфиденциальной информации этими лицами.

2.2.6. В период действия Договора:

- не передавать принадлежащее ему имущество, являющееся предметом залога в доверительное управление, не сдавать его в аренду на срок, превышающий срок действия Договора, без письменного согласия Заимодателя.

2.2.7. Пошта деректемелері, мекенжайы және тұрғылықты жері, ұялы телефон нөмірінің (нөмірлерінің), жеке басын куәландыратын құжаттардың, жұмыс орны, банк деректемелері өзгерген жағдайда, 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Қарыз берушіге жаңа мәліметтерді хабарлауға. Көрсетілген тармақтың талаптары орындалмаған жағдайда, Қарыз алушыға осы талапты орындамаудың барлық салдары жүктеледі және Қарыз алушыға Шартта, Өтініште, Кредиттік желі туралы келісімінде, кредиттік желі туралы келісім шеңберінде жасалған микрокредит беру туралы шартында көрсетілген мекенжайға жіберілген барлық хат-хабарды Тараптар Қарыз алушы алды деп есептейді.

2.2.8. Шартты орындау шеңберінде Қарыз беруші сұратуы мүмкін кез келген ақпаратты Қарыз берушіге ұсынуға.

2.2.9. Қарыз алушының Өтеу кестесі бойынша міндеттемелерін орындауына әсер ететін Шарттың талаптары өзгерген жағдайда, Қарыз алушы өтеудің өзекті кестесін алу жөнінде тиісті шаралар қолдануға міндетті.

2.2.10. Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, дербес деректер субъектісінің дербес деректерінің кез келген өзгерістері немесе толықтырулары туралы Қарыз берушіге жазбаша түрде дереу хабарлауға.

2.2.11. Қарыз беруші Микрокредит сомасын мерзімінен бұрын өндіріп алған жағдайда Микрокредит сомасын қайтару және тұрақсыздық төлемі мен Шарт бойынша өзге де төлемдерді Қарыз беруші бұл туралы талапты қойған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде немесе Қарыз берушінің талап-ету хатында көрсетілген өзге мерзімде төлеуге.

2.2.12. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

2.3. Қарыз берушінің құқықтары:

2.3.1. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту және осындай өзгерістер туралы Қарыз алушыға хабарлау.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін Шарт талаптарын жақсарту деп табылады:

- тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;
- Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту;
- микрокредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, оның ішінде мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі

